

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы N 185 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4500 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 72 бұйрығымен.

Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009.04.01 № 72 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 (N 2503 болып тіркелген Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 145 "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына N 1 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", N 2859 болып тіркелген 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", N 3645 болып тіркелген 2005 жылғы 10 мамырдағы N 66 "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2364 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген, Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесіне:

11-4-тармақтың 2) тармақшасындағы "және бекітілген заттай нормаларды" деген сөздер алынып тасталсын;

14-тармақтың 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдар орталық аппараттарының" деген сөздерден кейін "және олардың ведомстваларының" деген сөздермен толықтырылсын;

17-қосымшада (01-112 нысаны) "Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдары орталық аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне сыйлық беру үшін қосымша ақшалай төлемдеріне арналған шығындарды есептеу" тақырыбында "Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары орталық аппараттарының" деген сөздерден кейін "және олардың ведомстваларының" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаменті (М.М.Боранғалиева) Заң басқармасымен (Д.А.Ешімова) бірлесіп, осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы